

БЕКІТІЛДІ

«М.Х.Дулати атындағы Тараз
университеті» КЕ АҚ

Стратегиялық, халықаралық даму және
сапа комитетінің шешімімен

28. 03 2025 ж. № 3 хаттама)









«ҚАЗАҚСТАН СТУДЕНТТЕРІНІҢ АЛЬЯНСЫ» ЖАСТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Тіркеу № 05

ТАРАЗ, 2025

© Бұл М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:	Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Мамыш Д.Д.	 /КОЛЫ/	11.03.2025 ж.
	Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Нұрмайлов А.Е.	 /КОЛЫ/	11.03.2025 ж.
	«Қазақстан студенттер альянсы» ұйымының жетекшісі Әшірхан Қ.Н.	 /КОЛЫ/	11.03.2025 ж.
2. ЕНГІЗІЛГЕН:	Жастармен жұмыс бөлімімен		
3. ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	2022 жылғы ереже орнына енгізілсін		
5. ТАРАТЫЛСЫН:	М.Х.Дулари атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөліміне таратылсын		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:	М.Х.Дулари атындағы Тараз университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің шешімімен бекітілді. Хаттама № 3, « 28 » 03 2025 ж.		
7. КЕЛІСУШІЛЕР:	Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /КОЛЫ/	14.03.2025 ж.
	Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек А.Е.	 /КОЛЫ/	13.03.2025 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.	 /КОЛЫ/	13.03.2025 ж.
	Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ултанбаев А.Б.	 /КОЛЫ/	12.03.2025 ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е.	 /КОЛЫ/	12.03.2025 ж.

Бұл стандарт «М.Х.Дулари атындағы Тараз университеті» ҚЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Негізгі терминдер,қысқартылған сөздер және белгілер.....	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік.....	4
5	Жалпы ережелер.....	5
6	Қызметтің мақсаты мен негізгі міндеттері.....	5
7	Құқықтары.....	5
8	Жастар ұйымының бағыттары.....	6
9	Жастар ұйымының құрылымы.....	6
10	Өзге де құрамдас бөлімдермен өзара қарым-қатынасы.....	7
11.	Қосымшалар.....	8
	А қосымшасы Танысу парағы.....	8
	Б қосымшасы Өзгерістер тіркеу парағы.....	9

1. КОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Ереже университет студенттерінің жастар ұйымының қызметін реттеу негіздерін белгілейді, белсенді студенттердің қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының еріктілік қозғалысты қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Осы құжатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Жарғы	«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысы
-------	--

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы құжатта терминдер мен анықтамалар қолданылмайды.

3.2 Қысқартылған сөздер

Осы құжатта төменде келтірілген қысқартылған сөздер пайдаланылады:

Дулати университеті	«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ
УСТ	Университеттің стандарттық талаптары
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
КММ	Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

3.3 Белгілер

Осы құжатта белгілер қолданылмайды.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы құжат Дулати университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің отырыстарында талқыланып, бекітіледі.

4.2 Осы құжаттың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартының талаптарына сәйкес болуы үшін құжатты әзірлеуші жауап береді.

4.3 Университеттің осы құжатын іске қосу, рәсімдерді ұйымдастыру, мониторинг және қадағалау жүргізу жұмыстары Жастармен жұмыс бөліміне жүктеледі.

4.4 Осы құжатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу 01 УСТ сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.5 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Б қосымшасы).

4.6 Осы университет құжатының жұмыс данасын сақтау, тираждау, сайтқа орналастыру және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі әзірлеушіге жүктеледі.

4.7 Осы құжаттың жаңа жұмыс даналары университеттің факультеттеріне және кафедраларына, құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі. Құжаттың тираждалуы үшін «Dulaty university» баспасының директоры жауап береді.

4.8 Осы университет құжаттың бақылау данасын Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. «Қазақстан Студенттерінің Альянсы» – Қазақстанның жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін студенттік ұйым, оның ішінде М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде филиалы бар. Бұл ұйым студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту және жастардың азаматтық белсенділігін арттыру мақсатында құрылған.

5.2. Ұйым Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің дамуына үлес қосып, студенттердің жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. «Қазақстан студенттер альянсы» студенттерге өз мәселелерін еркін талқылауға мүмкіндік беріп, оларды шешу жолдарын қарастырады. Сонымен қатар, ұйым жастар арасында патриотизм, бірлік және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын насихаттайды.

6. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

6.1. Ұйымның мақсаты – студенттердің құқықтарын қорғау және олардың бастамаларын қолдау арқылы жастардың белсенділігін арттыру. Сондай-ақ, студенттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту және олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал ету.

Ұйым міндеттері:

Студенттердің құқықтарын қорғау және олардың мүдделерін университет әкімшілігі мен қоғамдық ұйымдар алдында ұсыну.

Студенттердің білім беру сапасын арттыруға қатысты ұсыныстар әзірлеу және оларды іске асыру.

Студенттік қауымдастық арасында әлеуметтік және экономикалық сауалнамалар жүргізу.

Университетішілік және аймақтық деңгейде әлеуметтік, мәдени және білім беру іс-шараларын ұйымдастыру.

Студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуына жағдай жасау үшін тренингтер, семинарлар және конференциялар өткізу.

Жастар арасында патриоттық тәрбие беру және қоғамға қызмет ету құндылықтарын насихаттау.

Білім беру процесінде әділеттілік пен теңдік принциптерін қорғау.

Студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін тұрғын үй, стипендия және басқа да мәселелер бойынша ұсыныстар жасау.

7. ҚҰҚЫҚТАРЫ

7.1 «Қазақстан Студенттерінің Альянсы» жастар ұйымы құқылы:

Университет әкімшілігі мен мемлекеттік органдарға студенттердің құқықтарын қорғауға бағытталған ұсыныстар енгізуге.

Студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін әлеуметтік сауалнамалар жүргізуге және олардың нәтижелерін жариялауға.

Студенттер арасында мәдени, әлеуметтік және білім беру іс-шараларын ұйымдастыруға.

Ұйым қызметін насихаттау үшін БАҚ және әлеуметтік желілерді пайдалануға.

Халықаралық және аймақтық деңгейде басқа студенттік ұйымдармен ынтымақтастық орнатуға.

Студенттердің бастамалары мен жобаларын қаржыландыру үшін демеушілер мен гранттық бағдарламалар тартуға.

Студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру үшін семинарлар мен құқықтық кеңес беру шараларын ұйымдастыруға.

8. ЖАСТАР ҰЙЫМНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Құқықтық қорғау: Студенттердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау, оларды әділетсіз шешімдерден қорғауға қатысты жұмыстар жүргізу.

Әлеуметтік сауалнамалар: Студенттердің тұрғын үй, стипендия және оқу шарттарына қатысты мәселелерін зерттеп, ұсыныстар әзірлеу.

Білім беру: Университеттегі білім беру сапасын жақсарту үшін оқытушылар мен студенттер арасындағы диалогты қамтамасыз ету.

Кәсіби даму: Тренингтер, семинарлар және кәсіби бағыттағы мастер-класстар ұйымдастырып, студенттердің кәсіби біліктілігін арттыру.

Мәдени-ағартушылық: Мәдени іс-шаралар, спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар өткізу арқылы студенттердің рухани дамуына ықпал ету.

Патриоттық тәрбие: Жастар арасында ұлттық бірлік пен патриотизмді нығайтуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру.

Экологиялық: Табиғатты қорғауға бағытталған жобалар әзірлеу, студенттердің экологиялық сауаттылығын арттыру және тазалық акцияларын өткізу.

Халықаралық ынтымақтастық: Халықаралық студенттік ұйымдармен байланыс орнатып, тәжірибе алмасу бағдарламаларын іске асыру.

9. ЖАСТАР ҰЙЫМНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

9.1. Жастар ұйымының қызметін үйлестіруді университеттің студенттік жастармен жұмыс жөніндегі мамандарымен бірге тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады.

9.2. Университеттің жастар ұйымының қызметіне тікелей басшылық етуді университеттің жастар ұйымының штабы жүзеге асырады.

9.3. Университеттің жастар ұйымының қатысушылары университеттің әр факультетінде білім алушылар қатарынан құрылған студенттік белсенділер отрядтары болып табылады.

Жастар ұйымы:

- Лидер
- Лидер орынбасары
- Хатшы
- Әр бағыттың жетекшілері

Жастар ұйымы өз жұмысында:

- Жастар ісі жөніндегі комитетімен;
- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен, факультеттермен;
- Университеттің құрылымдық бөлімдерімен;
- Университеттің медиа қызметімен, басқа да сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

10. ӨЗГЕ ДЕ ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөлімі, жастармен жұмыс бөлімінің құрамындағы өзге де жастар ұйымдарымен және студенттік деканаттармен, «Жамбыл облыстық жастар ресурстық орталығы КММ», «Тараз жастар ресурстық орталығы КММ» бірлесе жұмыс атқарады.

Б ҚОСЫМШАСЫ

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]